

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары
білім министрлігі

Астана қаласы
2023 жылғы «14» наурыз
№ 127



Қазақстан
Республикасының Оқу-
ағарту министрлігі

Астана қаласы
2023 жылғы «5» сәуір
№ 86


БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

Білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды жетілдіру, осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарын айқындау, нормативтік құқықтық актілерді өзектендіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық кеңес құру туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Осы бұйрыққа 1 - қосымшаға сәйкес құрамда Білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды жетілдіру, осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарын айқындау, нормативтік құқықтық актілерді өзектендіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық кеңес (бұдан әрі-Кеңес) құрылсын.
2. Кеңес туралы ереже осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім және оқу-ағарту вице-министрлеріне жүктелсін.
4. Осы бірлескен бұйрық оған мемлекеттік орган басшыларының соңғысы қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары
білім министрі



С. Нұрбек

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрі



Г. Бейсембаев

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің 2023 жылғы
«27» ноябрда № 127 және
Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы «5»
сәуір № 96 бірлескен
бұйрығына 1 қосымша

**Білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды жетілдіру, осы саладағы
мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарын айқындау, нормативтік
құқықтық актілерді өзектендіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық
кеңестің құрамы**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің өкілдері	
1.	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі, төраға;
2.	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министрі, төрағаның орынбасары;
3.	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі аппаратының басшысы;
4.	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің төрағасы;
5.	Ғылым комитетінің төрағасы;
6.	Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы;
7.	Тіл саясаты комитетінің төрағасы;
8.	Заң департаментінің директоры;
9.	Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру департаментінің директоры;
10.	Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры;
11.	Ақпараттық қауіпсіздік, Мемлекеттік құпияларды қорғау және жұмылдыру жұмысы департаментінің директоры;
12.	Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және автоматтандыру департаментінің директоры;
13.	Экономика және қаржы департаментінің директоры;
14.	Мемлекеттік сатып алу және активтер департаменті директоры;
15.	Даму және персоналды басқару департаментінің директоры;
16.	Әкімшілік департаментінің директоры;
17.	Ішкі аудит департаментінің директоры.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің өкілдері	
1.	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі, төраға;
2.	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министрі, төрағаның орынбасары;
3.	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі аппаратының басшысы;
4.	Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті комитетінің төрағасы;
5.	Орта білім беру комитетінің төрағасы;
6.	Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы;
7.	Заң департаментінің директоры;
8.	Техникалық және кәсіптік білім департаментінің директоры;
9.	Әкімшілік жұмыс және мемлекеттік сатып алу департаментінің директоры;
10.	Бюджеттік жоспарлау департаментінің директоры;
11.	Стратегия департаментінің директоры;
12.	Персоналды дамыту және басқару департаментінің директоры;
13.	Қаржы департаментінің директоры;
14.	Тәрбие жұмысы және қосымша білім департаментінің директоры;
15.	Мектепке дейінгі білім департаментінің директоры;
16.	Цифрлық даму және мемлекеттік қызмет көрсетуді автоматтандыру департаментінің директоры;
17.	Ішкі аудит департаментінің директоры;
18.	Мемлекеттік құпияларды қорғау және жұмылдыру жұмысы басқармасының басшысы.

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің 2023 жылғы
«__» _____ №_____
және Қазақстан
Республикасы Оқу-ағарту
министрінің 2023 жылғы
«5» сәуір № 86
бірлескен бұйрығына
2-қосымша

**Білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды жетілдіру, осы
саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарын айқындау,
нормативтік құқықтық актілерді өзектендіру мәселелері жөніндегі
ведомствоаралық кеңес туралы ереже**

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды жетілдіру, осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарын айқындау, нормативтік құқықтық актілерді өзектендіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық кеңес (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің жанынан құрылатын консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2 тарау. Кеңестің мақсаттары мен міндеттері

3. Кеңес қызметінің мақсаты:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, балалардың құқықтарын қорғау, ғылым, білім беру, тәрбие жұмысы және қосымша білім беру саласындағы, оның ішінде ересектерге арналған сапаны бақылау, сондай-ақ үздіксіз білім беру жүйесінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу;

2) Кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің жобалық кеңселерінің өзара іс-қимылы болып табылады.

4. Кеңестің міндеттері:

- 1) бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру;
- 2) білім беру саласындағы ұлттық басымдықтарды айқындау;
- 3) білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу;
- 4) барлық деңгейлерде білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

3-тарау. Кеңес қызметін ұйымдастыру

5. Кеңесті әр министрліктің тең төрағалары немесе олардың тапсырмалары бойынша төрағалардың орынбасарлары басқарады.

6. Кеңестің жұмыс органы:

Ғылым және жоғары білім министрлігі – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті;

Оқу-ағарту министрлігі – Стратегия департаменті болып табылады.

7. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі.

8. Кеңес отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындауды және хаттаманы ресімдеуді ол өткізілгеннен кейін Кеңес хатшылары жүзеге асырады.

Хатшылар кеңес мүшелері емес.

9. Отырыстардың күн тәртібін, сондай-ақ оларды өткізу орны мен уақытын кеңестің тең төрағалары бірлесіп айқындайды.

10. Кеңестің жұмыс отырыстарының материалдарын құрылымдық бөлімшелер әзірлейді және тиісті министрліктің тең төрағасымен келісіледі.

Келісілгеннен кейін материалдар бұлтты құжат айналымы бойынша тиісті тең төрағаға кеңес отырысын өткізу туралы ұсыныспен, бірақ материалдар жіберілген сәттен бастап кемінде бес жұмыс күні жіберіледі.

11. Кеңес отырыстары бейнеконференцбайланыс режимінде өткізілуі мүмкін және егер оларға кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, заңды болып саналады.

Кеңес отырыстарына білім беру ұйымының, ғылыми, үкіметтік емес және басқа ұйымдардың өкілдері, ғалымдар, мамандар және олармен келісім бойынша өзге де адамдар шақырылуы мүмкін.

12. Кеңестің шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер олар үшін Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, қабылданды деп есептеледі.

Кеңестің шешімдері хаттамалармен ресімделеді және Министрлік үшін ұсынымдық сипатта болады.

4-тарау. Кеңесті қалыптастыру тәртібі

13. Кеңес Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің өкілдерінен құрылады.

14. Кеңес кеңестің тең төрағалары мен Кеңес мүшелерінің құрамында құрылады.

15. Кеңестің құрамы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бірлескен бұйрығымен бекітіледі.

5-тарау. Кеңес қызметін тоқтату

16. Кеңес өз қызметін министрліктердің бірлескен шешімі негізінде не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тоқтатады.